

Сағадиев

# КЕШЕ...

## ...“Уәлиханов оқулары” аяқталды

Бақберген АМАЛБЕК, “Егемен Қазақстан”.

Көкшетау мемлекеттік университеті биыл он екінші рет халықаралық “Уәлиханов оқуларын” өткізді. Оның жұмысына Қазақстан, Ресей мен Тәжікстаннан танымал 70 ғалым қатысып, өрістестер талқылауына мыңға жуық баяндама ұсынды.

Ақмола облысы әкімінің орынбасары Қадырхан Отаров аталған шара басталмас бұрын өртүрлі елдердің интеллектуалдық элитасының басын біріктіріп отырған дәстүрлі басқосуға қатысушыларды құттықтап, жұмыстарына сәттілік тіледі. Конференцияның пленарлық мәжілісін Ш.Уәлиханов атындағы КМУ ректоры Шәкір Ыбыраев ашып, оқулардың өткізілуі еліміздегі ғылыми-практикалық ойлау жүйесінің кең тармақтылығын, қазақстандық қадамның өлем деңгейіндегі лайықты орнын атады. Алғашқы баяндаманы Еуразия ұлттық университетінің профессорлары Д.Қамзебеков пен С.Негимов жасады.

Конференция 24 секция бойынша ой қорытып, нәтижесінде жеті томдық ғылыми жинақ жарық көретін болды.

КӨКШЕТАУ.

## ...зауыт іске қосылды

Күмісжан БАЙЖАН, “Егемен Қазақстан”.

Көксу ауданында жылына 44 миллион керамициті кірпіш және жол жиектеріне қажетті бордюр, плита, тағы басқа жиектастар шығаратын зауыт іске қосылды. Зауыт шетелдің озық үлгідегі технологиясын қолданысқа ендіру арқылы іске қосылып, осы мақсатта 379,3 млн. теңге қаражат жұмсалды.

Облыс аумағында кірпіш шығаратын 40-қа тарта кірпіш зауыты бар болса, керамицитті кірпіш шығаратын өндіріс орны — кеші ғана өз жұмысын бастаған “Строитель” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ониміне сұраныс өсетіні анық.

Алматы облысы.

## ...ауылға “электронды үкімет” келді

Фари А БЫКАЙ

# Егемен Қазақстан

Жалпыұлттық республикалық газет

1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға басталды



№136-137 (24712)  
23 МАМЫР  
СӨРСЕНБІ  
2007 ЖЫЛ

www.egemen.kz

## Елбасы қабылдады

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Нұрлан Оразалинді қабылдады, деп хабарлады Қазақстан Республикасы Президентінің баспасөз қызметі.

Кездесу барысында Н.Оразалин осы жылдың маусымында өткізу жоспарланған Қазақстан Жазушылар одағының кезекті съезіне дайындық жөнінде, қазіргі заманғы әдеби үдерістің өзекті арналары туралы әңгімеледі. Елбасы жазушылар шығармашылығына арқау болған тақырыптар, тәуелсіздік жылдарындағы қазақстандық өмірдің шындықтарын айқындайтын туындылар, Жазушылар одағы мүшелерінің жұмыс жағдайлары мен өмірлері жөнінде ықыласпен тындады.

Н.Назарбаев сондай-ақ өткен аптада ел Парламенті қабылдаған саяси реформалар мен конституциялық түзетулер туралы шығармашыл зиялы қауымның пікіріне қызығушылық білдірді.

— Президент жазушыларды Қа-

зақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіруі туралы ұлттық идеяны жүзеге асыруға көркем сөзбен ықпал етуге шақырды, — деді Н.Оразалин журналистерге арналған брифингте.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Алматы облысы, Талғар ауданының өкімі Кенжебек Омарбаевты қабылдады.

Кездесу барысында К.Омарбаев Мемлекет басшысына ауылдық қурылыстың жана тәжәмелік өрі тептендік жүйесінің қалыптасуына ықпал ететін конституциялық реформалардың ережелері туралы және конституциялық өзгерістерді іске асыру үшін тиісті конституциялық заңдарды әзірлеу мен қабылдаудың өзекті жәйттері туралы мәселелерді талқылап, ой-пікір бөлісті. Дөңгелек үстелді Парламент Мәжілісінің Қаржы және бюджет жөніндегі комитетінің төрағасы Кенжеғали Сағадиев жүргізіп отырды.

— Мен Президентке ауыл тұрғындарының өл-ауқаты жақсарып келе жатқанын баяндадым және олар Елбасына халқымыздың игілігі жолында одан әрі табыстарға жете беруіне тілектестік білдірді, — деді Омарбаев журналистерге арналған брифингте.

## Салалық реттеу жүйесі қажет

Кеші Премьер-Министр Кәрім Мәсімовтің төрағалық етуімен Үкіметтің кезекті отырысы өтті, онда Таза ауыз су бағдарламасының іске асырылу барысы, экономика және сауда саласында бәсекелестікті дамыту мен мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөнінде мәселелер талқыланды.

Дастан КЕНЖАЛИН, “Егемен Қазақстан”.

Отырыста бірінші мәселе бойынша Ауыл шаруашылығы вице-министрі Дулат Айтжановтың баяндамасы тыңдалды. Ол өз сөзінде аталған құжаттың маңызына тоқтала келіп, биыл оған республикалық бюджеттен 14 млрд. 100 млн. теңге қаржы бөлінетінін айтты.

ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін жергілікті әкімдер жеке шаруа қожалықтарымен және басқа да кәсіпкерлермен бірлесіп жұмыс істеуі керектігін атап көрсетті.

Келесі кезекте сөз алған Индустрия және сауда министрі Ғалым Оразбақов министрліктің өз саласында бәсекелестікті дамыту жөніндегі мақсаттарын атап өтті.

## Елдегі конституциялық реформа

Мемлекет басшысы Негізгі Заңға ұсынған және Парламент қабылдаған өзгерістерден басталды

Кеші Парламент үйінде “Қазақстанды демократияландырудың жаңа кезеңі — еркін демократиялық қоғамды жедел дамыту” деген тақырыпта дөңгелек үстел өтті. Оған Парламент Мәжілісінің депутаттары, Жоғарғы Соттың судьялары, Президент Әкімшілігінің жауапты қызметкерлері, Орталық сайлау комиссиясының мүшелері, сондай-ақ “Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” Заңның жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының мүшелері қатысты.

Үстел басындағы әңгімеге қатысушылар екі мәселеге — Қазақстандағы саяси өзгерістердің жемісті болуын қамтамасыз етуге, қоғамдық және мемлекеттік мүдделердің жаңа теңгерімелігіне, Қазақстанның жаңа даму кезеңіндегі мемлекеттік құрылыстың жана тәжәмелік өрі тептендік жүйесінің қалыптасуына ықпал ететін конституциялық реформалардың ережелері туралы және конституциялық өзгерістерді іске асыру үшін тиісті конституциялық заңдарды әзірлеу мен қабылдаудың өзекті жәйттері туралы мәселелерді талқылап, ой-пікір бөлісті. Дөңгелек үстелді Парламент Мәжілісінің Қаржы және бюджет жөніндегі комитетінің төрағасы Кенжеғали Сағадиев жүргізіп отырды.

Кенжеғали Сағадиев дөңгелек үстел басында талқыланатын мәселелердің барша қазақстандықтар үшін ерекше маңызды екендігіне

тоқталды. Конституциялық реформа елімізді одан өрі демократияландыру жолындағы маңызды тарихи кезең болғалы тұр, деді Кенжеғали Әбеулы. Саяси-әлеуметтік дамуға экономикалық жанару мен жанғыруға аталмыш реформаның үлкен серпін беретініне күмән жоқ. Енді жерде қабылдаған өзгерістердің біздің дамуымызға тигізетін нәтижелі өсерін халыққа, қоғамға, ауыл және қала тұрғындарына жеткізе білуіміз керек. Өйткені, Конституцияның жана үлгісімен біз ұзақ жылдар алға қойған үлкен мақсаттарды орындауға кірісеміз. Бүгінгі басқосуымыздың негізгі мақсаты да осы болмақ.

Осылай деген шешен Мемлекет басшысының ел Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсынысының маңыздылығын ортаға салды. Депутаттың атап өтуінше, Елбасының ұсынысы қоғамдағы барлық топтардың қаты-



суымен бірнеше жылға созылған пікірталастардың жемісі болып табылады. Бұл саяси диалогқа Парламент депутаттары да белсене қатысты. Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу демократияның көрінісі.

Депутат бұдан сон конституциялық реформалардың негізгі бағыттары мен идеяларын атап өтті. Біріншіден, Президенттің бірқатар

билік өкілеттігі Парламентке өтеді, яғни өкілеттік қайта бөлнеді. Осылайша Парламенттің рөлі күшейіп, мемлекеттік басқаруда жана үлгі — президенттік-парламенттік басқару жүйесі бекітіледі. Енді қазақстандықтар президенттік-парламенттік басқару жүйесімен жүретін болады. Елбасының депутаттық корпуспен

(Соңы 2-бетте).

## Бірлескен жобалар талқыланды

Мәжіліс отырысында

## “Нұр Отан” — балаларға

“Нұр Отан” халықтық-демократиялық партиясы Саяси кеңесі Бюросының үндеуі

2007 жылдың 1 маусымында бүкіл өлем Халықаралық балаларды қорғау күнін атап өтеді. Қазақстан Республикасының “Қазақстан балаларына қолдау” бағдарламасын қабылдауды жеделдету міндеті қойылған.



# Елдегі конституциялық реформа

(Соңы. Басы 1-бетте).

билік өкілеттігін бөлісу күшпен немесе қысыммен емес, Президенттің өзі қабылдаған шешім бойынша жүзеге асып отыр.

Осы уақытқа дейін үш билік тармағында атқарушы билік үстемдік құрып келгені жасырын емес. Кенжеғали Сағадиевтің мәлім еткеніндей, Ата Заңға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар осы қиғаштықты қалпына келтіреді. Ал Парламент жаңа өкілеттікке ие болудың арқасында Үкімет құрамын жасақтау, сондай-ақ қажет кезінде Үкімет мүшелері — министрлерді кері шақырып алу және атқарушы билік органдарына бақылау жасау құқығын алып отыр. Заң шығарушы орган реформаларға тиісті заңнамалық база қалыптастырумен қатар, мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға бақылау да жасайтын болады.

Депутат бұдан кейін мәслихаттардың өкілеттігі мен рөлі айтарлықтай күшейтілетінін атап берді. Мәслихаттар өкімдердің аймақтағы саясатты жүзеге асыруына бақылау жасау мүмкіндігін алып отыр. Олар аймақты дамытуға қатысты бағдарламаларды дайындауға және қабылдауға, сонымен қатар бюджеттің орындалуын бақылауға қатысады. Бұл мәселені мәслихаттар депутаттары біраз жылдан бері көтерін келе жатқан еді. Енді өзекті осы мәселе де шешімін тапты.

Кенжеғали Әбеулы, сондай-ақ саяси партиялардың рөлін күшейтіп, Парламенттегі партиялық фракциялардың өкілеттігін кеңейту мәселесінен де хабардар етті. Бүгінде елімізде көппартиялықты қалыптастыру үшін барлық алғышарттар бар, деді депутат осы жайында. Парламент депутаттарын сайлаудың жаңа үлгісі саяси партияларға қосымша мүмкіндіктер беріп отыр. Бұдан басқа жеңіске жеткен саяси партияға Үкіметті құру, Премьер-Министрді ұсыну жауапкершілігі жүктеледі. Депутат сөзінің соңында Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар сот жүйесін жетілдіріп, азаматтық қоғамды дамытуға, ұлтаралық келісімді нығайтуға байланысты жаңа ұсынымдарды қажет ететіндігін атады. Оның ішінде БАҚ-тардың рөлін күшейту де бар.

Бұдан соң сөзді Мәжіліс депутаты **Равиль Шырдабаев** алып, Конституцияға енгізілген өзгерістердің мәніне тоқталды. Равиль Төжірліны атап өткені

батыстық инвестицияны бай энергетикалық секторға тиімді тартудың нәтижесінде өркендеген елге айнадырды”. Сонымен қатар, депутат ел Конституциясына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстанды бүгінгіден де дамытуға үлес қосатынына қызмет ететінін жеткізді.

Ал Жоғарғы Соттың судьясы **Жолымбет Бөйішев** өз сөзіне Ата Заңға енгізілген өзгерістер сот жүйесін жетілдіруде ерекше мәнге ие болатындығын арқау етті. Конституцияға енгізіліп отырған өзгерістер мен толықтырулар құқықтық демократиялық мемлекет орнатуға жасалған нық қадам болып табылады, деді Жолымбет Нұрахметұлы. Ондағы басымдықтардың бірі — сот жүйесін озық үлгідегі өлемдік стандарттарға сәйкес жетілдіру. Оның ішінде Жоғарғы Сот Кеңесінің рөлін арттырып, оны сапалы кадрлармен қамтамасыз ету бар. Сонымен қатар, конституциялық реформада Әділет биліктің алқасын тарату қарастырылған. Осы екі органды қосу мәселесі тиімді болмақ.

Жолымбет Бөйішевтің айтуынша, әр деңгейдегі судьяларды тағайындау тәртібі ауысады. Енді Жоғарғы Сот Кеңесі барлық деңгейдегі соттардың судьяларын тағайындауға ұсыным жасайды. Осылайша республикадағы барлық судьялар бірдей мәртебеге ие болады және барлығы бір тәртіп бойынша тағайындалуы қажет. Бұрын аудандық соттардың төрағалары мен аудандық соттардың судьялары өз қызметтеріне Әділет министрлігінің ұсынымы бойынша тағайындалып келген еді.

Жоғарғы Сот судьясы сондай-ақ конституциялық өзгерістерге сәйкес азаматтардың конституциялық құқығын қорғауға кепілдік беретін маңызды мәселенің бірі — қамауға алуға санкция беретін сот жүйесі енгізілетінінен де хабардар етті. Оның айтуынша, бұл айыптаушы мен қорғаушының қатысуы арқылы жүзеге асырылады, әрі ол өділ шешім қабылдауға жол ашады. Сонымен қатар, Ата Заңның жаңа редакциясына сәйкес Қазақстан өлім жазасын қолданбайтын елдердің қатарына қосылады. Ал өлім жазасы ауыр зардаптарға соқтыратын лаңкестік қылмыстар жасағандарға қолданылуы мүмкін.

Мәжіліс депутаты **Мұрат Көрмөв** негізінен Қазақстандағы саяси тәртіпті алып тастауы

жаттың қашан дайындалып, Парламентке қашан тапсырылатынын анық айтпады.

Мәжіліс депутаты **Уәлихан Қалижан** еліміздің президенттік-парламенттік басқару жүйесіне өте бастағандығын ерекше атап өтті. Бұл өз кезегінде Парламент құзырын өсіріп ғана қоймайды, сонымен қатар партиялық тізіммен сайлаудың жаңа үрдісін қалыптастырады. Соның барысында партиялар іріленіп, күшейе түседі. Әрине, мұндай кезде партиядан сайланған депутаттың да сапалық деңгейі артады. Мәжілісте бұдан былай 107 депутаттық орын болса, соның 98-і партиялық тізіммен сайланып, қалған 9-ы Қазақстан халқы Ассамблеясының үлесіне тиеді.

Депутат көпшілігі және көпконфессиялы Қазақстан үшін соңғысының салмақты және көрегендік саясат болғандығын ерекше атады. Және Конституциядан Парламент депутаты қандай да бір императивтік мандатпен байланысты емес дейтін норма алынғандығымен бөлісті. Бұл партия мен Парламент фракциясы арасындағы ортақ мәселелерді бірлесіп айқындауға және оны шешуге жұмыла кірісетін мүмкіндік беріледі. Сол сия-

пактіні бекітіп, халықаралық қауымдастық алдында өз мойнына бірқатар міндеттемелер алуы Ата Заңымыздағы “Адам және азамат” бөлігіне реформа енгізуді жүктейді. Қазіргі таңда адам құқықтары мен бостандығының одан өрі нығаюына және олардың тұлға ретінде қалыптасуына және халықаралық адам құқы жөніндегі актілерге сай болуы тұрғысынан еліміздегі жағдайы тағы бір ой елегінен өткізіп алуы талап етеді. Қолға алынған конституциялық өзгерістерде, мамандардың пайымынша, мемлекетті дамытудағы жаңа ізденістер керек, алайда онда ағылшындық және америкалық конституционализм нұсқасы болмайды.

Франция мен АҚШ конституциялық ойын мысалға келтірген профессор өзінң сөзінде қолданыстағы Конституция бойынша Мемлекет басшысы мен Парламент саяси үдерістердің реттелмеген және күмәнді тұстарын нормативтік-құқықтық ыңғайлы шешімдермен шешуіне боларын ерекше атады. Осылайша конституционализм оның салалық құқықтық реттеушітерімен қоғамдық үдерістердің

зандарда да осы мәселе пысықталып алынғаны дұрыс.

Депутат осы орайда өздерінің заң шығару бастамаларына Үкіметтің қорытынды беру мәселесін бюджет комиссиясында немесе фракцияда талқылауды ұсынды. Қоғамдық ұйымдарға қатысты заңдық құжат та назардан тыс қалған жоқ. Оған да айтарлықтай өзгерістер енгізілуі туралы айтылып, Парламентте оппозицияның пікірі де болуы қажетті қаперге салынды. Ең бастысы, депутат артында ешкімі жоқ саяси тұлғалардың шетелдерде Қазақстан атынан сөйлеуге құқы жоқ екендігін заңды түрде бекіту керек деп санайтындығын ортаға салды. Халық қалауысы сөзінің соңында осының барлығын жүзеге асыру үшін қажет болса жазғы демалыс уақытын да пайдалануға дайын екендігін білдірді.

“Қазақстан” республикалық телерадиокорпорациясы” АҚ басқарма төрағасы **Нұртілеу Иманғалиұлына** сөз бермес бұрын жүргізуші аталған корпорацияның қазіргі жағдайының мез еместігіне назар аударды. Мұндай ескертпеге жаңа-

Парламент өкілеттігінің артуына қатысты. Депутаттың байқауынша, соңғы жылдары саяси тенденциялар экономикалық реформалардан алға оза бастаған. Осы ретте “алдымен экономика, тек содан кейін қалғандары” қағидасы өзінң жемісін берді. Сондықтан да ол осы арада атақты қолбасшы Наполеонның “Үлкен саясат — бұл сол үлкен істерге бастайтын кемелдік” деген қанатты сөзімен астарлап, саяси реформалардың мықты экономикамен қамтамасыз етілуі қажет екендігіне тоқтады. Шынайы демократияны тек дамыған экономика ғана көтереді.

Орайы келгенде ол еліміздегі саясаткерлердің арасында Н.Назарбаевқа тең келерлік тұлғалардың өлі де байқалмай отырғандығын ерекше атады. Президенттің жақын онжылдықта еліміздің реформаларының алға жылжуына кепіл бола алатын тұлға ретіндегі жұмысы Елбасына емес, Қазақстанға қажет, деп айтып өтті өз сөзінде депутат. Парламенттің өкілеттігін кеңейту мәселесінде аталған өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуімен Үкімет пен Парламент арасындағы текетірестің жойылуына сенім білдірді. Егер жоғары заң шығарушы орган Үкімет құрамын жасақтауға мүмкіндік алса, онда оның жүргізіп отырған саясатына да ықпал ететін болады. Қазақстан халқы Ассамблеясының екінші даму кезеңіне аяқ басқандығына да тоқталып кеткен депутат еліміз үшін құжаттарда ұлты емес, “қазақстандық” деген жазуды басты ұлттық саясат етіп алуымыз қажеттігін ортаға салды.

“Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” Заңға Мемлекет басшысы қол қойғандығын қуанышпен жеткізген мәжілісмен **Владимир Нехорошев** аталған өзгерістердің қоғам арасында кенінен талқыға түсуі тарихи кезеңмен пара-пар, деді. Кешегісі ерте, ертеңгісі кеш, ал бүгінгісі нақ келген өзгерістердің сол мезет жүзеге асырылуы кез келген саясаткердің қолынан келе бермейтін іс. Өзінң өріптегі Р.Мәдинов екеуінің Конституцияның 42-бабына ұсынған ұсыныстарының себебін де Мемлекет басшысының ел ішіндегі және халықаралық деңгейдегі беделінің жоғары екендігімен байланыстырды.

Конституцияға өзгерістер туралы заңның 15-

қандай болуы керек деген мәселеде оған көптеген саясаткерлердің атсалысқаны белгілі. Әрине, мұнда ел халқы мен Елбасының сіңірген еңбектері де орасан. Сондықтан да қолға алынған реформалар жалғасын табуы тиіс.

Осы жерде депутат Конституцияға енгізілген өзгерістер ауылды дамытуға арналғандығына сендірді. Оның пайымынша, бұл жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін құруға ықпал ететін болады. Ендігі мәселе қаржыға тіреліп тұр. Ол қандай деңгейде болмақ. Бөлкім, аудандық, болмаса ауылдық деңгейге түсе ме? Егер ол ауылдық деңгейге дейін түсетін болса, онда бүгінгі Үкімет жолымызды жөндеп бер деген алақан жаудан құтылады. Жауапкершілік өз мойындарына түскендіктен өз мәселелерін өздері шешуге ойысады.

Халық дауыс берген партия жасақтаған Үкімет өзінің міндетін атқара алмаса, онда сол Үкіметті жасақтаған фракция заңды ма, заңсыз ба? Осы тұрғыдан келгенде депутаттар мен фракция жауапкершілігінің артарын да депутат сөз орайы келгенде айтып өтті. Алайда осы кезге дейін фракция мәртебесі анықталмай отыр. Реті келгенде шешен палата төрағасы фракция құрамына кірмейді деген норманы сынға алды. Оның пайымынша, жеңген партия өкілі Мәжілісті басқаруы тиіс.

Саяси партияларды қаржыландыруға байланысты сөзінде А.Бейсенбаев тек жеңіске жеткен партияларды ғана бюджет есебінен қаржыландыру қажеттігін баса айтты. Әйтпесе ақша алу үшін сайлауға түсетін ойыншы партиялар саны көбейіп кетуі де ғажап емес. Ол еліміздің ыдырауына соғатынын несіне жасырамыз. Азаматтық қоғамды дамытуда бұқаралық ақпарат құралдарының орны ерекше. Сондықтан да тиісті заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу орынды болмақ. Телеарналарды қазіргі уақыт талабына сай етіп жасақтау да бөсекеге қабілеттілікті арттырудың өзекті мәселесі болып отыр. Осы жерде депутат Швецияда көрген билеушілерімен бөлісті.

Қазіргі таңда атқарушы билік өкілдері партия құрамында еместігін көлденең тартқан Мәжіліс депутаты **Ермұханбет Омаров** министрдің, Премьер-Министрдің, облыс өкімдерінің жауапкершілігін алатын олар үшін партия



дауға және оны шешуге жұмыла кірісетін мүмкіндік беріледі. Сол сия-

барысын анықтауға мүмкіндік беріледі. Конституционализм саяси-

дан ғимарат салынатыны туралы мәлімет алын ы. Бас арма өр-



